

ТАТЫР СОҒЫСЫ

1916 жылы патшаның июнь жарлығы, қазақтан 18 бен 32 жас арасындағы балаларды әскерге аламыз деген Николай патша заңын естігеннен кейін 4 ауылдағы – Айдерке деген ел руы (Құттық, Тілеп деген ел атанады. Үй саны 256, жан саны 1617 еді) көшпелі халық.

Патша жарлығын естігеннен кейін бұрынғы жеке көшуді тоқтатып, Қошалақ құмына (Жіңішкетүз, Үлкентүз жерлеріне) көшіп келіп, сиына бастап «Аһ, аһ аруақ, құдай! Жәрдем бер! деп, жалғыз баласы барлар жалғызымды қалдыр, көп баласы барлар көп баламды қалдыр» деген тілек тіледі. Жайлау толған зар. Ақсарыбас, қарақасқа мал құдайы беріп, бар адам барынша, жоқ адам әлінше садақа салып, мал соя бастады. Мұнымен қатар елдегі ақсақалдар, жас жігіт балалар жиналып, жұртшылық тепек болып, сөз көтеріп, ауыл ақсақалдары жігіт ағаларымен Бек Сарманұлы деген «Құттық», «Тілептерге» ескертіп, хабарландырып: ертең «Үлкен Қопадағы» Әбділда мешітіне барып жиналыс етіп, бас қосалық», – деді. 18 бен 32 жас, оның үстіне үлкен кісілер де Қопадағы жиылысқа шақырылды. Қорқып, бұғып отырған адамдар бәрі жарияланды. Бас болып жүрген де бәрі риза болып, ертеңіне тайлы-таяғымыз қалмай мәжіліске бардық. Барғаннан кейін екібас намаз оқып, қол жайып, тілек тілеп, жұрт жиылып жариялап, молдаға (600) шамалы адам, алды 5 сом, арты бір сомнан садақа беріп, мешіт жанында жиылыс болды. Мәжілісті шақырушы – Сарманұлы Бек ашып тұрып, түгелдей патшаның әскер сұрағына, одан соң Шайқы Құлжанұлы болыстардың әскер беремін деп жатқанын ескертті. Онымен қатар Құттық, Тілеп деген Арғын ішінде аз атаның заң алдында Құлжанұлына жем болып, жылма-жыл патшаның салығынан тысқары 4-5 жүз қара мал салық тарататынын ескертті.

– Бізге құдай жәрдем бермесе, ешбір жәрдем жоқ, – деп жұртқа айтып, жиылып отырған халық онан жаман күніміз... Қазір адам бермей қалсақ, жиналып жатып алсақ, сарбаз болса онда... Торғай уезінің адамдары, ерлері бар, олар нендей тіршілік, жұртшылық етер екен? Осыған Арғын халқының бастығы Қорғанбек Дәуренбекұлына барсақ, Төкеұлы Смағұлға барсақ не ақыл айтар екен?

Бұл жерде Андамас ақсақал, Әбділда Бекжанұлы:

– Сарбаз болу жаман болды, жастар көнсе, бару керек әскерге. Бірақ Құлжанұлына сөйлесіп, осы бастан не сұраса, соны беріп, адамдарды қалдыру жағына кіріссек, – дегенде жұрт шу етті.

– Сен, Әбділда, малың бар. Сен Андамас Құлжанұлының жан сүйер биісің. Екеуіңнің балаң қалар. Басқасы қайтеді?

Бұған күйініп отырған жұрт пен жастар айтты:

– Бектің айтқаны дұрыс. Смағұл Төкеұлына барсын. Қорғанбек Дәуренбекұлына барсын. Солар не айтар екен? Барып келген соң жұрттың жұртшылығы бар ғой. Сонан кейін сарбаз болсақ, – деп уәде қылды.

Сарманұлы Бек Қорғанбекке баруға жүрмекші болғанда көмекші Ерден Сырбайұлы атқосшылықта болды. Андамас екеуіне жұрт алдында айтты:

– Үлкен ақсақал ауылына барасыз. Түзу сөзін айту үшін және ірі хан орнына жай баруға болмайды ғой. Бір нәрсе жіберсеңдер, сыйлыққа ырымды, – деді.

– Сол жерде жиналған халық адам басына бір сомнан (600) ақша жинап, бай Әбділда бір ат 60 сомға сатып, бір түкті кілем Сарманұлы өзі алып, Төбет баласынан бір қара нар 90 сомға сатып алып, екі күннен қалмай жол жүрмекші болды.

Бұл июннің 25-і күні еді.

Халық тарағаннан кейін Бекжанұлы Әбділда жиылған халықтың барлығы Сарманұлы Бекке ауып кеткенін біліп, не болса да (бұрын Бек Сарманұлы штатта Әбділда Сарманұлына қарсы болатын) бүгін табыспақшы ниетімен үйіне қонаққа шақырды Сарманұлын. Сарманұлы басқа жігіттерге айтып, өзіне ниеттес 8 жолдас алды.

Айтқан қонағына барушы:

1. Ахмет Тобажанұлы.
2. Тәжіғұл Манашбайұлы.
3. Есекей Тышқанбайұлы.
4. Саламатұлы Ғаббас.
5. Хамза Мыржақұлы.
6. Тоба Аңдамасұлы.
7. Сейдахмет Төбетұлы.
8. Күмісбайұлы Әбдіразақ.

Ескерту: Бекжанұлы Әбділда 600 қой, 120 жылқы, 80 сиыр, 25 түйесі бар. Тілеп деген атаның Қараменде деген тұқымы, бай ақсақал. Құлжаұлдары Құттық, Тілеп патша салығынан тысқары салық жылына 4-5 жүз бас малды Әбділда арқылы алдырады.

2-інші ескерту: Аңдамас Көтібарұлы (Құттық, Тілеп) Тілеп деген атаның 90 үйі, бір табаннан айнымастан 16 жыл би болған, Құлжанұлының туысы, Әбділданың тумасы. Әбділдаға қарсы келген, Құлжан баласының жағына шықпаған адамдардың билігін бермей қорқытады.

Әбділда Бекжанұлының үйіне барған қонақтар:

Сарманұлына барған соң, ақсарбасқа қой сойып, түнімен қара тілді қас жарған Аңдамас сөз сөйлеп табыспақшы болды. Сарманұлы айтты:

– Ағайын, күні бүгінгі таңда не айтайын? Ертең келген соң Қорғанбек, Смағұлдан халық тыным болса, ағайын боламыз, – деп уәде береді.

Ертеңіне Әбділладан сарықасқа атын алып, Төбетұлынан қара нарын алып үйіне келді. Бір күн кір қоңын жиып, ертеңіне жүріп кетті.

Смағұл Төкеұлының, Қорғанбек Дәуренбекұлының сөздері

Сарманұлы Бек «Аққұдық» жеріндегі Мерген деген атаның ұлы, Шыңболдың болысы 3-ауыл Смағұл Төкеұлына келді. Бұл ақсақалдың Сарманұлы Бекке айтуы:

– Жұрт жұртшылық етсе, жиналған азаматтан әскер бермейміз десе, сарбаз болуға мен қарсы емеспін. Халық жұртшылық етпесе, мен жалғыз жатқан адаммын, – деп жауап берген.

2. Жәнібек хан нәсібі Қорғанбек Дәуренбекұлының Сарманұлы Бекке айтқан жауабы:

– Бір қара нар, бір кілем әкелдің аруаққа. Ол көптің беріп жатқаны. Солдат сұраса патша ағзам, ол патшаның әмірі, құдай аруақ бұйрығы. Сіздер солдат бермейміз деп көздің қарашығындай Құттық, Тілеп патшадан қорлық көресің. Анда, абайла, анда! Еліңнің үлкен-кішісіне сәлем айт. Жоқ, тарта бер, – деп үйінен Сарманұлын шығарып жіберген.

Жолдас Сарманұлы Бек осы бетімен елге келіп, үш күн ренжіп жатып алған. Сол кезде Андамас Көтібарұлы, Әбділда Бекжанұлы Құлжан баласына жиылысты айтып қойып, Құлжан баласы Шайқы болыс Сарманұлының бір ер-тоқым, бір сиырын алып кеткен.

Бек Сарманұлы Құлжан баласының істеген істерін еске алып, не болса да сарбаз боламын, маған патшадан қайран жоқ, жақсылық болмайды, – деп сарбаз болуға бел буып, Құттық, Тілеп деген елге сөз жүргізе бастады. Және Төкеұлы Смағұл сарбаз болындар деп қуаттаған еді.

Ағұс айының аяғы, сентябрь жұлдызының бас кезі үй басына екі адам – біреуі әскер болып, жинала бастады. 4 ауылда «Қара түбек » деген жерде сарбаз қосын тігіп, 450 адам болдық.

Ескерту: Июль-ағұс айындағы Торғай уезінің қаласындағы, еліндегі бөлініп жатқан жиылыс сарбаз болуға табандылық еткен жағдайын мен жазбай өтемін. Себеп – жолдас Шәріпұлының маған тапсырмасы. Тек қана Татыр оқиғасын жазып беруім себепті.

Бізде құрал жоқ. «Қара мойын» деген ел, көбі қыпшақ болады, Қайранбай Жақыпұлы деген екі ұстаны әкеп, 50 адам басы бір қылыш, бір найзадан соқтырдық. Жалғыз мерген атқыш Қайралап Кемсізбайұлы деген бар. Бір алты атар жай мылтығы бар.

«Кәрібоз Қабақұлы сарбаз жинап жатыр» деген хабарды күнбе-күн алып тұрдық. Біз «Сарманұлы Бек бастаған қол жинап жатырмыз» деп, 450 адамды «900-1000 адам болдық» деп жатырмыз.

Молданың үгіті

Торғай уезінде атақты Байтуұлы Салық деген бай, молда бар. Торғай халқы жартысы «солдат береміз, жартысы солдат бермейміз» деп сарбаз болып жатқаны естіліп жатыр ол кезде. Бірінші – патшаға жағыну, екінші – халықтан мал, ақша жинап алу ниетімен қағаз жүзінде үгіт таратуға сөз берді.

«Уәлбуху үллемезитар ахуолла уатазиғұл урм» – бұл арабшасынан қазақшасы: дүние опасыз, құдай солдатқа ғұмыр, өзі алынды» деген сөз болды және арабшамен көп сөз жазған, жазуының тәржімасы жоқ. Қазақша мағынасы мынау: Медина қаласындағы Мұхаммед салалаху алейку саламның күзетшісі Зейнеп Ғабиден нәсібі Махсұд Сапамен пайғамбар күзетшісі пайғамбар тірі адамдай сөйлесіпті. 16-17 жыл хатер жыл халыққа.

Сондықтан ақ патшаның алдында болуын тілеу, тілеуін тілеу, соған салауат айту, 2-ші патшаның әмірін екі айтқызбай орындау керек.

Жиналған сарбаз садақа бергелі тұрдық, бір жаным қайда болуға белгісіз деп. Ахметжанға барлығы 50-60 сомдай садақа беріп еді, Сарманұлы Бек:

– «Құдай дегенді, патша дегенді, аруақ дегенді қою керек. Құдай, аруақ таза емес. Алдымен пара алды. Менің бір қара нар, бір атым, түкті кілемім кетіп қалып отыр. Аруақ таза болса алмас еді. Барлық қырсық байлардан, аруақтан өлсек, құдай иманды береді, бермесе кеткеніміз», – деп сарбаздарға ұрсып, ...*(түсініксіз)* керек деп таратып жіберді.

Сентябрь айының 25-26 шамасында Қостанай уезінен «Торғайдың жиналған сарбаздарын басу үшін солдат шықты» деген хабар алдық. «Ақшоран бастаған бұл солдат Торғайда Семиозер районы арқылы Қаралак өзбек болысы әскерді бастап келе жатыр» деген. Бұл әскер 100-150 солдат дейді. Осыған дайындалсақ, қарсы соғысқа деген. Бұл хабарды есітіп енді мұндағы Кәрібоз Қабақұлы бастаған қолына хат жазып, Сарманұлы Бек Зейнен Бектемірұлы деген жігітті жібертті, 2 атпен 120 шақырым шамасындағы сарбаздардан ертең кешке қайтып келді.

Кәрібоз Қабақұлының хаты

Інім Сарманұлы Бекке.

Сіз жазған хаттарды алып, жұртшылық істеріңізге ризамын. Сіздерге келе жатқан жау – бәрімізге бірдей жау. Бізге де не жақсылық болмақ? Болмас. Сіздерге біз барынша жиналған сарбаздармен барамыз. Келер күні сіздерге жақындағанда бізге бір күн бұрын хабар айт. Өзім де біліп отырармын. Біздің жаңалық хабар мынау: Түркиядегі Әнуарбек патша Бұхар әміріне келмекші. Төртуыл Мейрам хажы хабар алыпты. Ислам жолындағы мұсылман түріктерге жәрдем бермекші. Бізге ешбір үкіметтен жәрдем жоқ. Бірақ Ресейдегі жұмыскерлер (рабочы) жәрдемші деген сөзді Әли деген айтыпты. Түбі Қыпшақ, оқымысты бала дейді.

Бала, сақ бол! Күзетті мықта, сарбаздың!

Кәрібоз Қабақұлы.

Қостанайдан шыққан Конский (атты) солдатпен сарбаздың соғысы

Күнбе-күн Қостанайдан шыққан солдаттардың қай жерге келетінінен, қай жерге қонатынынан біздің сарбаздар хабар алып отырды. Бірақ молдалар сарбаз арасына келіп: «Әлі де ойланындар, қырылып қалмаңдар!» – деп үгіт және бірнеше өтірік хабар, қорқынышты таратып отырды. Жиналған сарбаз жастар: «Өлсек шейіт, өлмесек қазы деген аузына сөз кіріп, солдатпен соғысуға құмар болды. Бірақ қалай соғысу ретін таппады. Біреу күндіз араласып тиейік, біреуі-түнде қонақ қылып, онаша үй тігіп, солдаттарға ет таратып жатқанда: «Сорпа әкел!» деген ұранмен тиейік», – деп сөз байласты.

Октябрьдің 8-9 күні Қоңыраулы сағасы Оспан қожа деген молданың аулына қонып, сол жерде алдындағы «Қаратүбек» деген өзеннің бойында сарбаз жатыр деген сөзді келе жатқан солдатқа Олжан, 8-ауыл азаматы Жүсіп баласы Қошқар айтып, солдат бастығынан алғыс алыпты және де «осы жолмен жүрсеңіз өте қауіпті, өте сақ болыңыз» деген, қару-жарағыңызды дайындап, сайлап алыңыз деген бірнеше сөзді айтқан көрінеді (Ақшораның айтуынан).

Бұл Татыр соғысына қатысқан адамдар

1. Сарманұлы Бектің сарбазы 450 адам.
 2. Аққұмнан Кәрібоз Қабақұлы бастаған қол 397 адам.
 3. Қыпшақ Қияқбай Үркімбайұлы бастаған қол 250 адам.
 4. Мергеннен Тынымұлы Омар бастаған қол 100 адам.
 5. Қырық мылтық Аманша Бектегенұлы бастаған қол 60 адам.
 6. Ожан 7-ауыл Ақшоран бастаған қол 35 адам.
- Барлығы 1257 адам.

Ескерту: Аққұмнан Қабақұлы бастаған қол 9 октябрь күні кешке келді. Сол күнде мұздың алды қатып, арты қатпаған кезі. Тайыз көлдер адам көтермеді. Өзендер адам көтермейтін еді.

2-ші. Сол күні айдалада Бекжанұлы, Андамас Көтібарұлы 4 ауылдан жиналған Сарманұлы Бектің бастаған қолына түнде келіп: «Қырылмандар, балалар! Қабақұлының үгіт соғысына ермеңдер! Туысқандарыңа тарандар!» деп үгіт жүргізеді. Бірақ жиналған сарбаздар Әбділда баласы мен Андамас баласын түнде әскер арасынан шығарып жіберді.

Сарманұлы Бек.

Соғыс күні

10 октябрьдің ертесімен тұрып, азан айтып, күн шығар-шықпаста «Татыр көлінің бетіне қарай бет алып жүрді». «Алқау» деген жердің жұмсақ қырында: 1) Қабақұлы бастаған қол; 2) Сарманұлы бастаған қол; 3) Тынымұлы бастаған қол; 4) Қияқбай бастаған қол; 5) Аманша Бектегенұлы бастаған қол; 6) Ақшоран бастаған қол бас қосып жиналыс ашты.

Ең бастық Кәрібоз Қабақұлы болды, мыңбасы атынан. Екінші – Қияқбай Үркімбайұлы – жүзбасы. 3) Ақшоран – жүзбасы; 4) Сарманұлы Бек – жүзбасы; 5) Тынымұлы Омар – жүзбасы; 6) Аманша Бектегенұлы – жүзбасы; Қалған адамдарды елубасы, онбасы етіп белгілеп, жауға қарсы айқай, шабыспен кірісуге, араласуға уәде байласты.

Сарбаздар күркіреп атқа мініп, сәске шамасында топтап бөлімдермен жүре бастады.

Сол кезде көк қоян алдынан тұра қашты. Жүріп бара жатқан әскер «алдынан қоян қашса – олжа» деп жатып, қоянды қамап алды. Бірақ көк қоян

соншама сарбаздың найзасынан құтылып кетті. Әскерлер «бұл қамап олжа болады, не біз аман, өлмей құтыламыз екен» деп әртүрлі сөзбен жүрді.

Сол кезде қара тұман түсті. Осы тұманмен араласып қалайық деп жүріп келе жатқан тұман арасынан Татыр көлінің жағасында қарсы келе жатқан солдаттарды көрдік. Солдаттар аттарына, көліктерін жинастырып, қатарымен мылтық жаудыра бастады. «Ал қапта, қапта!» деген ұран бастықтардан болды. Сол ұранмен Тынымұлы Омар бастаған қолдан Мерген атаның ұлы Жұбан Кішкенбайұлы деген азамат бірден шауып барып оққа ұшты.

Конский солдаттың қылықтары

1. Конский (атты) солдаттан 15 шамалы адам бөлініп келіп, Сарысу жағасындағы Құттыбай көңіне келіп, өрт салып, мұның ақшаларын талап алды.

2. Құттыбайұлы Мәметектің әйелі Ақсисаны басып, талып қалғаннан кейін қылышпен басын жарып кетті.

3. Асан Жүніс баласының қыстау үйін өртеп, мүлкін талап кетті.

4. Қыпшақ Қисабай хажының қыстауын өртеп, мүлкін алды.

Соғыстан өлген сарбаздар

1. Ақшоран – жүзбасы.

2. Көшкінбайұлы Жұбан.

3. Жанқылыш Ерденұлы.

4. Зейнеп Бектемірұлы.

5. Асан Жұмықұлы.

6. Иірбай Таңқыұлы.

7. Барлық Базылұлы.

8. Ақтас Шынтасұлы.

9. Қисабай қажы.

Тағы басқаларымен 35 адам өлді.

Конский (атты) солдаттан өлгені

3 солдат бірден өлді, 2 солдат найзадан жарақаттанып, Торғай қаласына келіп өлді. Барлығы 5 адам өлді.

Солдатты өлтірушілер

1. Қияқбай Үркімбайұлы алты атар мылтықпен атып өлтіріп, бір қара қасқа арғымақ алды.

2. Әсемқазы Тобажанұлы төрт солдат ортасында қалып жаяу төбелес жасап, найзаласып, оларды шаншып өлтірді. Тобажан Әсем қазір тірі. Басы, қолына қылыш тиіп кесіліп, бір айдай жатып, тәуір болды.

3. Байзақ Құттыбайұлы найзамен шаншып, бір солдат өлді. Тағы екі солдатты сұққылап, ауыр жарақатты болып кетті. Сол күні солдат Олжа деген көлдің басына түнеп, түн ортасы кезінде Торғай қаласына кетті.

Өртенген үй саны 4 ауылдан 28 үй, мал-мүлкімен күйіп, таланып кетті.

Отырған халықтың қашқаны

Татырда соғыс болатын күні 4 ауыл Құттық, Тілеп деген елдің бір адамы қалмай, әйел, еркегі Қошалақ құмы, Жіңішкетүз деген жерге үйін тастап, қара бастарымен босып кетті.

Сарманұлы Бек бастаған қол қалды, 400-дей адамымен. Бізден 12 адам өлді. Бір адам жарақатты болды.

Сарманұлы Жетімек қолына оқ тиіп қалды. 15 ат, 28 үй мүлкімен өртенді...

Татыр соғысына өзім қатыстым. Сол уақытында Сарманұлы Бектің бастаған қолының хатшысы әрі елубасы болдым. Менің бұл жоғарыдағы жазғандарым көзбен көргендерім.

Ғаббас САЛАМАТҰЛЫ

ҚР ПМ 811-қ, 6-т. 116 іс, 29-38-н. //
Қаһарлы 1916 жыл. – А., 1998. Т.2, 95-104 бб.